

- 4 Берковский К. Голод в губернии и борьба с ним // Степь. – 1922. – 4 июля.
- 5 Отчет губернского комитета РКП(б) и контрольной комиссии губпартконференции (15 февраля 1923 г.) // Кустанай: Издание Губкома РКП (б). – Февраль 1923 г.
- 6 Васильевский. Остался в барышах // Степная заря. – 1922. – №115 (173). –16 ноября.
- 7 Бюллетень 3-го Кустанайского Съезда Советов. – 1922. – №2. – 4 сентября.
- 8 Питание АРА // Степная заря. – 1923. – № 30 (347). – 22 марта.
- 9 Ликвидация АРА в России // Красная Степь. – 1923. – №51(368). – 19 мая.

СМАҒҰЛ ЕЛУБАЙДЫҢ «АҚ БОЗ ҮЙ» РОМАНЫНДАҒЫ ХАЛЫҚ ӨМІРІ

Саулен А.М.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

Ғылыми жетекші: профессор, ф.ғ.д. Қадір Жүсіп Өтегенұлы

1925 жылы 13 қыркүйекте Қазақстан өлкелік партия комитетінің хатшылығына Мәскеудегі орталық билік Филипп Исаевич Голощекинді жіберді. 1933 жылдың 21 қаңтарына дейін осы қызметте отырған Голощекин тұсында қазақ халқы өз тарихындағы ең ауыр кезеңді бастан өткізді.

«Бай-кулактарды кәмпескелеу туралы» 1928 жылы 28 тамыздағы қаулы күштеп тәркілеуге ұласып, совет өкіметі ірі байлармен қатар орта шаруалардың малын да зорлықпен тартып алды. Бұл советтік саяси науқан «Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» дейтін ұранмен жүзеге асты.

Иә, қазақ халқы талай-талай замандарды басынан өткеріп, «мың өліп, мың тірілген» халық. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламада» жоңғардың тісі батып, заман тауқыметін тартып, жалаң аяқ, жалаң бас көрінген жағына «Елім-ай» деп зар еңіреп кете барса, одан кейінгі ғасырларда да талай соғыстар мен көтерілістерде қаншама халық құрбан болды. Бірақ сонда да берілмей, рухы мықты халық екенін дәлелдеп келе жатқан халықтың басына ХХ ғасырдың басында тағы да қара бұлт үйірілген болатын. Сталиндік билік пен Голощекиннің саясатының құрбанына айналды біздің халық. Байлардың бар дүниесі жаппай конфискацияға түсіп, ел ішіне іріткі салынды, аштыққа ұшыраған халық тағы да туған жерге сыймай, босып кетті...

С.Елубайдың «Ақ боз үй» романы осы шындықты шынайы бейнелеген шығарма.

«Романның міндеті – сол күндердегі дәурен мен тарихи оқиғалардың үстін үймелеген кездейсоқ жәйттарды сылып алып тастап, олардың түпкі сырына – жанды идеяға сүңгіп, бытыраңқы, сыртқы жайттарды ақыл мен парасаттың елегінен өткізу, екшеу». [1.313]

«Ақ боз үй» романына 1928-1933 жылдардағы нәубеттің, зобалаң әкелген жылдардың нақты көріністері арқау болған. Шеге мен Хансұлудың линиясы романның жүйелі сюжетін құрап, халықтың басынан өткен қасіретті жылдары мен ауыр күндерді жан-жақты суреттеген. Қаламгердің қайсар

батылдығынан, керек десеніз, батырлығынан туған шығарма адамды баурап алары сөзсіз. Сізді бұл шығарма сол уақытқа алып барып, Хансұлудың қайғысы мен Пахраддиннің мұңдасына айналдырады. Егіліп отырып еліңнің басынан өткен оқиға мен жерініп отырып жем болған еліңді аяп, әрі-сәрі күйге түсіріп, тарихтың еншісінде қалған нақты шындықтарды жайып салады.

Біріншіден, бұл тарихи шындық, әрине, бізге тарих оқулығынан ашаршылық болған жоқ, тек 30-шы жылдары асыра сілтеу болды деп қана оқытты. Коммунистік партия бастаған жүйе осы бір ұлттың басынан өткен қасіретті бүркемелеп, жоққа шығарып, архив деректерін жойып, халықтың сөзін сөйлейтін қаламгерлердің аузын жабуға, бұл трагедияны ұмыттыруға тырысты. Оның себебі 1921 жылғы да, 1932 жылғы да ашаршылық осы Коммунистік партияның қолдан ұйымдастырған ашаршылығы болатын. Қолдан жасады дейтініміз, Голощекин басқарған Қазақстан Коммунистер партиясы әртүрлі жоспарларды орындауды сылтау етіп, халықтың қорасындағы малын, қамбасындағы дәнін, тіпті асып отырған қазанын төңкеріп алып кетіп, елге зорлық-зомбылық көрсетті. Коммунистік партия халықтың басынан өткен осындай ұлы қасіреттің ұлы шындығын жасырмақ болды.

Бірақ жазушы Смағұл Елубай бұл шындықты бала кезінен біліп өскен, сол заманда өз жерінен үдере көшіп Қарақалпақстанға, одан әрі Түркіменстанға өтіп кеткен ауылдарды көрген жерде дүниеге келген. Кейін Алматыға көшіп келген оқушы қаламгер тарих пәні оқулығынан осынау ұлттық қасірет туралы ештеңе ашып айтылмай, бәрі керемет болғандай көрсетілгенін көрген. Өз естелігінде:

«Үлкендердің, ата-аналарымыздың басынан өткен осы бір зұлматтың тарихын күнде естіп өскендіктен біз ресми тарихқа сенбедік, сол себепті де 30-шы жылдардың шындығын айтқым келді. Бірақ бұл сол кездегі цензура мемлекеттік дәрежеде тиым салған үш тақырыптың бірі еді, мұны жазғандар да, айтқандар да айдалып кететін. Қазақ қаламгерлері сол себепті де бұл тақырыпқа кең қанат жаза алмады, әрине, тиіп-қашып, құс тілімен бір нәрселер айтқан болды, бірақ біздің қазақ әдебиетінде ашаршылық тақырыбы көтерілмеді» [2].

Бұл ұлы зұлматтың шындығын жазу жазушының бала жастан мақсаты болған, университеттің 1-ші курсына оқып жүргенде бір романның жобасын жасап, әдеби тәжірибесінің аздығы себепті оны кейінге қалдырып, жасы 35-ке келген кезде ғана бұл тақырыпқа шындап кіріскен. Сөйтіп 1982 жылы осы Алматының батыс жағындағы Ақсай дейтін сайдағы (бұл кезде ол бос жатқан жер еді) бір бұлақтың басына шопан ағасының киіз үйін тігіп қойып, үш жыл бойы жалғыз жатып, «Ақ боз үй» атты қазақ әдебиетінің жалпы 30-шы жылдардағы ашаршылық жайлы тұңғыш романын жазуға отырған. 1985 жылы кітап жазылып бітті, бірақ бұл Компартияның көзі тірі кезі, сол себепті баспа мұның тақырыбынан шошып, оны ешқандай «темпланға» кіргізбеді. Қашан Компартия құлағанша кітап шықпай жатты, 1990 жылы ғана Совет үкіметі құлаған кезде жарық көрді.

Шығарма туралы әңгіме осы, енді ашаршылық деген не еді дегенге тоқталайық. Кезінде Роберт Конквест деген ағылшын зерттеушісі «Қасірет орағы» деген кітап жазды. Батыста шыққан бұл кітаптың орыс тіліндегі аудармасында қазақтардың ашаршылықтағы шығыны 1 миллион деп көрсетілген, бұл өтірік болатын, ал кітаптың түпнұсқасында қазақтардың шығыны 4 миллиондай делінген. Сол ақыры расталды, 1922 жылы қазақ зиялыларының алдында баяндама жасаған Мұхтар Әуезов 1921 жылғы ашаршылықтан 1 миллион 700 мың адам қырылды, оның 700 мыңы балалар еді, — деп мәлім етті. Содан кейін ғалымдарымыз 1932-33-ші жылдардағы қырылған халықтың саны 2 миллион 300 мың деп жүр, екеуін қосып жіберсеңіз, шынында Р. Конквесттің мәліметі дәл шығады, 4 миллион қазақтан айырылды. Ал біз, Ахмет Байтұрсыновтың мәліметінше, 1916 жылы 6 миллион халық болғанбыз.

1897 жылғы Ресей империясындағы алғашқы халық санағы бойынша, қазақтардың саны 4 миллион 84 мың адам болған, бұл бүкіл Орта Азия халықтарын қосқандағыдан екі есе көп еді. Олардың бәрі арада 100 жыл өткеннен кейін 10-12 есе өсім береді, енді сіз 4 миллионды 10-12-ге көбейтіп көріңіз, 40-45 миллиондай қазақ болуға тиіс еді. Міне, біздің ашаршылық дегенді қақсап, зарлап айта беретініміз сондықтан. Егер қолдан ашаршылық жасалмағанда, коммунистік зорлық-зомбылық болмағанда халқымыз қазір 45 миллиондай болатын еді. Онда тілімізге де, дінімізге де еш қауіп төнбей, халқы лықсып сыймай отырған елдің жеріне де ешкім көз аларта алмаған болар еді. Мінеки, 1918 жылдан 1933 жылға дейін созылған бірнеше дүркін ашаршылықтың нәтижесі біз үшін апатты жағдай болды.

Бұл кездердегі ауылдағы аласапыран жайлар сонау заманда шұбырып, аштан өлген халықтың, ашаршылыққа ұрынған ана мен баланың зары, сүйегі көрінген жерде шашылып қалған, жоқтаусыз кеткен қазақтың жағдайы сай-сүйекті сырқырататындай бейнеде көрінеді.

Сол қатарда алсақ, біз атап отырған роман – жаңа нышан. Әңгіме не жайында, кім жайында? Біріншіден, бұрын болмаған, айтылмаған, көрінбеген кейіпкерлерге жолықтық, екіншіден, бұрын мүлде атаусыз келген қараспан заман, қатал кезең – 20-30 жылдар трагедиясын көрдік. «Кәмпескелеу», колхозға ұйымдастыру, шамадан тыс алым-салық, асыра сілтеу, белсенділік, ақырында, халық басына нәубет – ашаршылық. Малды, ауқатты Пахраддиндердің көргені жоғарыдағыдай болса, басқалардың күні не болмақ? 30-жылдардың басындағы ұйқы-тұйқы, қуғын-сүргін хал романда шынайы суретін тапқан. Әлеуметтік жағдайы жағынан да, мінез-құлқы, ой-өрісі жағынан да кең тадауын тауып, үлкен-кіші, әйел-ер деген сияқты ұйытқыдай ұйып, тіршілік етіп отырған бір тайпа елдің тағдыры әр қырынан баян етіледі. Екі теңіз аралығы. Үстірт елінің өмірі. Мұның өзі батыс болсын, шығыс болсын бар қазақ жеріне тән жай-күә аса бір құнтпен зерттеліп, зерделі қаламмен жазылған. Түйелі, малды сол өңір елінің өмір-тұрмысы, салт-санасы, мінез, сөз, сөйлеу мәнері әдемі таңбаланған. Кейіпкерлер түрі, сыпайы, ішкі-сыртқы пішіні жазушы ден қойған, дәл тапқан бейнелер.

«Малдың шуы мен кіс айқайлары ию-қиюы араласып жатқан» ауылдарда, «кедей-кембағал, жарлы-жалқыбай, жетім-жесірге теңдік әперем деп, қалың бұқара халыққа дем берген жаңа өкіметтің саясатын» жұрт түсіне бастаған. Ауылдың кеңес бастығы болып сайланған етікші Шәріп те істің «таптық астарына ой жүгіртіп, бір тұтам сақалын саумалап» мән-жайды аңғарған кезі. «Кәмпеске» басталған соң ел ішін әбден бүлінді, алауыздық та, алакөздік те етек алды; оның үстіне: «елдің қолында тышқақ лақ қалдырмайды екен, ине-жіп, қазан-табақ бәрі кәмпеске болып орталыққа түседі екен, бір көрпенің астында жатып, бүкіл халық бір қазаннан тамақ ішеді екен, тіпті қатын да ортақ меншікке айналып, «мая-тыбая, тыбая-мая» болады екен деген қауесет қаптап, қараңғы халықт есінен тандырды. Шығармада әрі қарай, енді орнай бастаған жаңа әлеуметтік тұрмыстың дұрысы мен бұрысы аралас жайы, жалпы қауымның құлағы үйренбеген тосын бұйрық-жарлықтар, жақсы-жаман адамдардың іс-қылығы, әсіресе, асыра сілтеу, белсенділік, шаш ал десе, бас алатын топастық, мылқаулық, онан барып үдере көшу, босу, мал азайып, адамның да, жердің де тозуы жанға батып, жүректі ауыртар хикаяға айналады». [3.55]

Роман оқиғасы тартысқа құрылған. Кәмпескеге тап болған бай, ауқатты адамдардың аянышты тағдыры, коллективтендіру саясатының асыра сілтеушілігі, «Қызыл отау» құрылып, әдеткі өмір жүрісінен жаңылған халықтың шынайы өмірі баяндалып, біріне-бірі тіркескен тарау-тарауларымен көрсетілген. Бұл баяндаулар шығарма поэтикасының сатылап өрби, трагедиялы қорытындыға қарай оқырманды еріксіз жетелеп отырады. Тарау сайын тартыс күшейіп, ауыл адамдарының мазасыз тіршілігі шиеленісе түседі.

Шығарма тартымды оқиғаларымен жүйеленген тоғыз тарауға сиыстырылған. Байқауымызша, бұл баяндалғандар сол аталған ауылда сол кезеңде шынайы болған оқиғалардан құрастырылған. Автор оларды ел адамдарынан, қарттардың, өз анасының айтқандарынан естеріне сақтаған. Шығарма шынайы өмірден алынатыны дәлелденбейтін аксиома. Автор өміріндегі болғанды қаламгерлік қиялын шарықтата отырып, сол болған күйінде баяндап, оны өнерге айналдырған. Қаламгер өзіндік суретшілдік тәсілін шебер қолданған. Адам өмірі - мұхит десек, сол мұхиттан жазушы бір ұрттамын ғана ұсынып, оның ащы дәмін шынайы көрсете білген.

«Творчествасында өзі өмір кешкен дәуірдің шындығын бейнелеу, оның алдыңғы қатарлы идеяларын көркем образдар арқылы білдіру суреткер үшін аса қажетті әрі бағалы қасиет» [4.197]

Көркем шығарманың міндеті тарихи фактілерді баяндау емес, ол тарихи жайды бейнелеп, көркем суреттеп көрсету. Сонымен осы суреттеулері арқылы халыққа өз ойын ұсыну. Ол ой-әдебиет теориясында идея деп аталады. Ал осы идея қалай шешімін тапты.

«Оқушыны ойлантатын шын мәніндегі көркем шығарманың қай-қайсысын алмайық, ол әдетте жеке-жеке адамдар тағдырының әрқилы көрінісімен, жалпы заман тынысын жеткізер біртұтас шынайы, сыршыл

бітімімен өмір жайлы біздің көп толғамымызға қазық болар рухани бір сүйенішімізге айналып кетеді».[5.462]

Біз романды оқи бастағанда-ақ, ішінен адамды іздедік, кейіпкерді іздедік, себебі автордың айтайын дегені, яғни идеясы, кейіпкерлерінің іс-әрекеттерінде, сөйлеген сөздерінде тұрады.

Романдағы оқиғаларға араласқан бейнелер мыналар: Хансұлу, Пахраддин, Сырға, Шәріп, Шеге, Өзберген, Қозбағар, Сұржекей, Бұлыш, Балқия, Ждақай, Жорға Күрең, Дәу апа, Бұқарбай, Апанас, Торқа, Уәп, Жайбасқан, Асан бәлшебек және тағы басқалар.

Романда Кеңес үкіметінің бір орталықтандыру саясаты, таптық саясатты жойып, кедейлерге теңдік беруі жолында туған басты ауыр тағдыр мен адамзат баласының арасындағы жалпы үлкен тартыс бейнеленген. Осы тартыс-тауқыметтің салдарынан туындаған бір қауым адамдарының тайталастары жоғарыда аталған адамдар арасында көрініс тапқан. Кейіпкерлердің әрқайсысының басындағы оқиғалардан туындаған қайшылықтан романның бүкіл мазмұны құрастырылған.

Романдағы дінгекті үлкен бейне - Хансұлу айналасында топтастырылған кейіпкерлердің әрбіреуінің жеке бас проблемалары, жалпы ауыл адамдарының тіршілік мәселелері.

Романдағы бейнеленген кейіпкерлерді екі топқа бөлуге болады. Біріншісі- ескілікке үйреніп қалған, жаңашылдықты қолдағысы келмеген, бұл тартыс жолындағы ақ жүрек пәк мінезді адамдар және осындай арпалыс кезіндегі тек жеке бас қамын ойлап, өздерінің ішмерез әрекеттерімен көрінетін етектен тартқан, «шаш ал десе, бас алған» арамзалардың бейнесі.

Адал жүректі, тағдырдың ыстығына күйіп, салмағын тайсалмай көтере білген, адамдық қасиетті қорғаштаған адамдардың бел ортасында романдағы үлкен тұлға, бас кейіпкер боп көрінетін Хансұлуды жеке дара алып қарастырған жөн.

Хансұлу Пахраддиннің маңдайына біткен жалғыз қызы. Өзі сұлу десең сұлу, ерке десең ерке. Тал шыбықтай бұралған бойжеткен Хансұлудың мінезі паң, тәкәппар. Айналадағы ауыл-аймақтың бозбалаларының арманы болған Хансұлу. Ауыл жастарының ойнаған «соқыр текесінде» өзінің жылқысын бағатын Қозбағардың бай қызының бетінен сүюі, оны көрген қыз ағасы Өзбергеннің Қозбағарды соққыға жығуы – тап арасындағы айқастың алғашқы көріністері болып суреттеледі романда. «Сәбетски власттың» алғашқы толқулары тиіп, шырылдауық Шәріп қолындағы билік бойынша Өзбергеннің үстінен «Сібірге айдалсын» деп арыз жазуы, оны естіген көпті көрген дана қария Лабақ ахунның бұл дауды бейбіт жолмен шешу мақсатында Хансұлуды Қозбағарға күштеп қосуымен шешілген еді мәселе.

Жалғыз қызын есігіндегі жылқышысы аңқау Қозбағарға ұзату үшін Пахраддин ұлан асыр той жасайды. Той ұлы дүрмек, ырду-дырдуы көп үлкен мереке болып өтті. Тек Хансұлу бұл тағдырдың мазағынан құтылу үшін некесі қиылар кездегі Қайып молданың дем салып берген кесесіне ернін тигізгенде «риза емеспін» деп қарсылығын білдірген еді. Сол түні Хансұлу

ағасы Өзбергенмен қашып кетіп, осылайша ескіліктің құрбаны болудан өзін құтқарды.

Тағдырдың желі айдап, Хансұлу Өзберген ағасымен бірге қашқын ауылда тұрақтайды. Артынан қуып келген өкімет адамдарын бірінші ретте ашушаң Өзбергеннің қателігімен соққыға жықса, екінші ретте қашқын ауылды Апанас бастаған отряд адам шығынымен күшпен қайтарып әкелген болатын. Осы жолы Хансұлудың бала күнінен бірге өскен, бүгінде ер жетіп, жігіт болған Шегеге алғаш көзі түсіп, өзгеше қараған еді. Бұл сапардағы ғашықтардың алғашқы кездесуі романда әдемі бейнеленген. Хансұлудың Шегемен жеке кездесуі болған еді. Айлы түнде құм арасындағы қос ғашық...

Құм арасынан екі күнде әрең шығып, ел шетіне жеткен ауыл бұл уақытта. Ауылға кірісімен Хансұлудың таңырқауы көбейді. «Жаңа өмірге» қарай жүйткіп қалған өз елін көріп, өз көзіне өзі сенбеді. Бұл кезде елшетіне «Қызыл отау» дегені жеткен еді. Бай, құлақтарға салық салғанымен қоймай, «Жаңа өмірге барар жолдағы ортамыздағы басты кедергілер – бай мен молданы арамыздан аластау керек» деп, «кәмпескеленген байдың мал-мүлкін кедейге бөліп береміз. Серіктікке ұйымдасамыз. Бір атаның баласындай бірлесеміз. Жер жыртып, егін саламыз. Үй салып, отырықшылыққа көшеміз. Оқу оқып, білім аламыз. Үлкен қалаларда тұрамыз. Сөйтіп гүлденген жаңа өмірге, мәдениетке жетеміз!»- деп ұжмақты бір күнде орнатыпты.

Кел, кедей жастары,

Ұйымдас жалшымен!

Бай менен молданы,

Қойдай қу қамшымен! – деген ұран шығып, жастар сол заматта жаттап алыпты. Тақпақ біртіндеп құлаққа сіңіп, жатталып, ел ішіне тез тарап кетеді. Көп кешікпей Шеге мен Хансұлу арасындағы сезім күшейіп, бір түнде қос ғашық қашып кетеді. Қоңыратқа барып, үй жалдап, тұрақтаған жұбайларды артынан Шегенің әкесі Шәріп барып ертіп әкеліп, ауылында үлкен той жасайды. Хансұлудың ең бақытты күндері болатын бұл...

Одан кейінгі Хансұлу өмірі тағдырдың қым-қиғаш оқиғаларымен өріледі. Әке-шешесінің Қарақалпақстанға жер аударылуы, кейін жалғыз сүйеніші Шегенің қамауға алынып, кішкентай бөпесімен Хансұлудың да әкешесі артынан баруы, аштық, қиындық, мазасыз өмір.. Бірақ, романды оқи отырып, Хансұлудың басынан қанша жан ауыртар қиындықтар өтсе де, тағдыр оны ыстық-суыққа салып қанша қинаса да, оның еш нәрсеге жасымай, керісінше жігерлене түскенін байқаймыз.

Романның басты кейіпкерлерінің бірі – Шеге бейнесі.

«Бұ да қызық. Әліне қарамай армандағаны – Хансұлу. Күн, түн демей көкsegені – сол қыз. Ау, сонда жалғыз Хансұлу дәмегөй қалың бозбаланың қайсібіріне жетеді? Не көп, осы елде қыз көп. Солардың біреуіне неге көңілі соқпайды? Хансұлуда несі бар? Несі бар, аспандағы айға қол созып? Білмейді. Пахраддиннің ерке-бұлан қызының бетін қай қасиетімен бұрмақ өзіне? Не дәулеті тасқан, не атақ-абыройы асқан текті атаның ұлы емес. Үйінің сиқы анау – қырық жамау, ауыл шетінде қиқып тұрған. Әкесінің түрі анау – ақсақ қойға жете алмай, ойбайлап, көгенді айнала жүгіріп жүрген.

Жеті атасынан шыр бітпеген, етікші Шәріп. Жұрт оны күйгелек мінезіне қарап, «Шырылдауық Шәріп» дейді. Өзінің түрі мынау – жаман орының арқасында суырша сопайып отырған. Шоқпыт үйден шыққанын былай қойғанның өзінде кара басынан да бір көз қонақтар ерекше қасиет табылмайды-ау. Қысық көз, арық, пышақтың қырындай сопайған кара бозбала. Сорайған бойдан басқа Жасаған Ие бұған еш нәрсе бермепті. Не өнер бермеген, жиын-тойда домбыра тартып, ән салып суырылып шығып, қыз-қырқынның назарына іліне қоятын. Не шешен тіл бермеген, бұзіп-жарып сөйлеп жұртты елең еткізетін. Ең болмаса, анау құдық басында су тартып жатқан Бұлыштың атындай жүйрік ат, жеткір тазы да жазылмаған бұның маңдайына. Қайсібірін айтарсың, ең азы, жасы он алтыға келсе де осы Шегеде ұялмай киетін киім де жоқ...».

Романның басында осылай суреттелген Шеге роман барысында оқиғаларымен бірге өседі, жетіле түседі. «Қызыл әскердің» белсенді жастарының бірі болады. Армандаған Хансұлуына да қол жеткізеді. Жаңа өмірге жетеміз деп жармасқанымен, Шеге өзі де сол кездегі сұрқия саясаттың құрбанына айналады. Романда Шеге образынан намысты жоғары қойған, нағыз ер жігітке тән қасиеттер байқалады.

Сол кездегі қазақ байларының әділдігі , сауаттылығы романда Пахраддин образы арқылы көрініс табады.

Пахраддин өмірінде таршылық көрмей, ауқатты өмір сүргенімен, өзінің айналасындағы ауыл-аймақ, ағайын-туысқа, кедей-кепшікке әрдайым қол ұшын созып, қолындағы барын бөліп жеген адал адам. Кезінде ауылдың тізгінін ұстаған би болған, сөзіне еңбектеген баладан, еңкейген кәріге дейін тоқтаған, кез-келген дауды бір ауыз сөзімен шешкен Пахраддиннің басынан дәурені кетіп, орыстың отарлау саясаты меңдеген, «шаша ал десе, бас алған», қолына билік тиген ауылдың надан, әумесер кедейлерінің мазағына айналады. Алдымен үкілеп өсірген жалғыз қызын, жылқысын баққан ебедейсіз Қозбағарға беріп бір басындырса, кейін бар дүние-мүлкін, малын кәмпескелеп, айдап алып кетеді. Сондағы бір жиылыста «Николай заманында би болды, дәулетті болып, есігінде жалшы ұстады» деп айып таққан Бұқарбайдың сөзіне Пахраддин: «Жалшы» деп отырғаның малшы болуға керек, асасы. Ал, малшы деп тұрғаның, сірә, Қозбағар болуға керек. Түн жамылып отырмыз. Мен ешкімді «малымды бақ» деп зорлағаным жоқ. Өтірік десе мына Уәп пен Торқаның көзі отыр, айтсын! Кешегі 21-дің аштығында жуан жіңішкеріп, жіңішке үзілді. Бала-шағасын жетектеп осы Уәп пен Торқа қаңғуға айналды. «Өле жегенше, бөле жейік» дедік, асасы. Ауылдан бір адамды шашау шығармадық. Жаяуға көлік, жалаңашқа тон, ашқа ас бергіздік. Шүкір Алла, соның арқасында түндігі жабылып, түтіні өшкен үй болған жоқ ауылымызда. Ал, енді малымды үш-төрт жыл Қозбағар баққан шығар. Бақса сол ішкен-жегенінің өтемі болар, асасы. Оған мен неге айыптымын? Ағайын, тәңірдің тал түсінде қиянатқа қиятындай менен не жамандық көріп едіңдер? Әділет болуға керек!» - деп халқына көкейіндегісін жайып салған болатын.

Ақыры өз ауылынан шапағат көрмеген Пахраддин Сырғасын алып, ауылдан Қарақалпақ жеріне қоныс аударады.

Аштық әбден титықтатқан ел қайта үдере Қоңыратқа көшкен жолда, қолда бар ас-сумен жүрек жалғап алу үшін дамылдағандағы іс-әрекеті Пахраддинның ерлігі десек те болады. Өзі аштан бұратылып бара жатырса да, қолындағы бар қалған уыстай бидайды бір-бір шөкімнен қайыр сұрай келген Майлыбай мүсәпірдің он бала-шағасына, оның артын ала келген бірнеше кедей баласына таратып берген еді. Бұл әрекетіне қабақ шытқан Сырғаға:

« - Жә, доғар! Өлсек бірге өлдік! Осы нәрестелердің жанынан артық емес менің жаным!» деп тиып тастаған.

Осы жолда жұртқа ере алмай Пахраддин мен Сырға жолда қалады.

Қатал тағдырдың сынына ұшыраған Пахраддин бұл дүниенің опасыздығына налып, осыншама әділетсіздік көрсетіп, шөп жеп, құрт-құмырсқаға жем болып, ит қорлықпен өлетіндей Құдайға не жаздым деп бұл күні көрген кер заманға ашул анады:

«-Мылқаусың...қатігезсің безерген? Опасызсың, сұм жалған? Біресе бетінді, біресе көтіңді беріп құбыласың! «Бұқа» сынды, «Күрең» сынды сұқ иттерге сүйек салдың! Абалаттың, айтақтап! Ақыры жетіп тындың ба дегеніңе?! Жынға тойған иттерге қойдай қоңыр халықты тақымдатып, талатып, тырқыратып торғайдай тоздырдың ба? Жеттің бе, мақсатыңа? Жемсауың толды ма? Ыбылыс иектеген кер заман! Судың да сұрауы болар! Елдің обалы жібермес. Бала-шағаның көз жасы жібермес! Аяғыңнан шалар! Құдай алдында жауабын әлі берерсің, сен заман! Сұраусыз кетпес еш қылмыс...Сұраусыз кетпес! Кетпес! Кетпес!!! – деп қырқырап, тұмсығымен жер сүзе құлады Пахраддин». [6.251] Бұл өзекті өртеген ащы ойлар жалғыз Пахраддиннің ойы ғана емес, сол кездегі халықтың ойы еді. Халықтың ашу-ызасы, өкпесі еді. Тағдырға налыған, үміті құм болған шарасыздықтың реніші еді.

Өзегін шөл өртеп, тілі тобарсып, желім болған, тіршілікке ашулы Пахраддинге Лабақ ахун елес береді. Лабақ ахунның үні келеді құлағына.

Елес берген Лабақ ахуннан ел жайын, тағдыр таразысында қалған жұрт жайын сұрайды.

- Өлгені өлді, қалғаны қалды, інім. Істері бар болсын олардың. Жастары азғандүр. Бейбіт тынышын бұзғандүр. Аруақты күңіреніп, содан елі тозғандүр. Мешіттерді құлатып, сөйтіп Құдай атқандүр. Елін аштық жайлап, өздері тышқан аулап жеп,бытырап, жөн-жөніне кеткендүр. Өздерімен кетпей кесапаты күллі адам баласына тиіп содан міне жер бетіне қиямет-қайым жеткендүр.

Бұны есіткен Пахраддин өз-өзімен іштей күбірлеп, тілдесті.

-...Қарағай басын шортан шалды десеңші...Тұрымтай тұсына, балапан басына кетті десеңші...Бәсе...бәсе...Күрең мен Сұржекей, Ждақай мен Қозбағар басқарған ел не оңсын... Басшысын таппаған ел азып, жолдасын таппаған ер азып...зұлмат өктеген екен ғой...О, жасаған, осы күнді көргенше күмрә неге болмадым...Осы күнді көрсетіп қинау ма еді мақсұтың? Бір емес, екі өлтіргің келген екен ғой...Өлтірмей-ақ өртегенің ғой дозақ отына... Ажалыңды да аяғаның ғой. Пахраддиннің алпыс жыл жанын отқа қақатағаны

аз болып па еді? Ыбылыспен, сайтанмен, надандық, зұлымдықпен алпыс жыл айқасқаны аз болып па еді?... Мынау фәниден өтерде енді... ең болмаса соңын күйретпей алсаң етті».

Романдағы бұл эпизодтар арқылы автор сол кездің бет-бейнесін шынайы, анық көрсете білген. Бұл Пахраддин мен Лабақ ахунның ойы болғанымен, автордың айтқысы келген негізгі идеясы еді.

Романдағы ерекше бейне –Апанас бейнесі. Апанас ұлты орыс өкімет адамы болса да, бойында адамгершілігі бар, жүзі жылы, жүрегі жұмсақ адам. Оның бейнесі мына үзіндіде жақсы берілген: «Шеге осы сапарда, әсіресе, кешелі-бүгін Апанасқа таң қалды. Жол-жөнекей таң намазы, бесін намазы кездерінде түйесін шөгере сап жайнамазын құм үстіне төсеп құбылаға бет бұрған Лабақ ахунды байқап қалса болды, Апанас шапшаң бұйрық етіп көшті іркеді. Сөйтіп, Лабақ ахунның және оны төңіректен сәждеге бас қойған жұртшылықтың намазы аяқталғанша бүкіл елді иіріп күттіріп қояды. Тәртіп сақтатады. Содан Лабақ ахун бастаған ауылдың үлкен-кішілерінің Апанасқа деген көзқарасы күрт өзгерді. «Орыс та болса, бір иманды жан екен!» деп, қариялар отряд командиріне ілтипатпен қарады. Ждақай бастаған кейбір жастар ғана «Мынасы несі командиріміздің, молдаға табынып...» - деп күңкілдеді. Сұржекей сияқтылар Апанасқа: «Бұныңыз қалай, Афанасий Васильевич? Бандиттерді бүйтіп неге құрметтейсіз?» - деп наразылық та білдірді. Апанастың жауабы біреу: «Халықты құрметтеу керек, дәстүрді сыйлау керек», - дейді.

«Көркем әдебиеттегі психологизм табиғаты зерттеу жаңа жолға қойыла бастаған мәселе екені мәлім» [7.230] Шығармада жазушы психологизм мәселесіне де қалам тербеген. Оны әсіресе роман кейіпкерлерінің ішкі толғанысынан анық байқауға болады.

Романның тағы бір олжасы – Сұржекей, Ждақай, Бұқарбай образдары. Сұржекей – барып тұрған сталинист. Ауданның қанша адамының қаны мойнына кеткенін санап түгесу қиын. Талай байлардың шаңырағын ортасына түсірген ежовшыл Сұржекей, «халық жауларын» топырлатып ұстайды. Енді мынаған қараңыз. Жауыздан да өткен жауыз бола ма? Болады екен. Сол Сұржекей (Жекей Қалиевич) ауыл белсендісі Ждақайдың қасында адам көрінеді! Ждақай Жорға Күреңнің баласы. Кедей баласы болса, да билік тиіп «Қызыл әскердің» жандайшапы болған, «Шаш ал десе, бас алатындардың» бірі. Ауыл шетіне «Қызыл әскер» келгеннен бастап, алдыңғы қатардағы белсенділердің қатарында болады. Бір жиылыста:

«Кәмпескелеп тек мал-мүлкін алып қою аз!.. Жер аудару деген де түк емес! Байлар ана жақта тайрандап жүреді деген сөз ол! Қауқаш айтқандай тірі жүрсе олар, оллаһи, қайтып келеді! Келеді де, біз сияқты байғұстарды қасқитады да салады (жұрт күлді). Оу, күлмендер! Осы айтқаным келмесе кара да тұрындар! Сондықтан бұл қасқалдақтарды қатыру керек! Аяқ-қолдарын матап мәңгі-бақи шыға алмайтын темір тордың ішіне тығу керек! Сол менің айтарым!», -деп жараның аузына тұз сепкендей болған еді.

Шығармада адам бойындағы асыл қасиеттер мен қатар оған кереғар, яғни жаман қасиеттер де көрініс береді. Мысалы Сұржекей жағымсыз

рөлдегі кейіпкер. Ол романның басынан аяғына дейін сұм, жауыз, қатыгез кейіпте көрінеді. «Мен жетім кезімде Есенейдің қойын жалаң аяқ баққанмын. Көзімнен жасым тамшылап жүріп баққанмын. Сонда сендер шалқайып ат үстінде бара жатушы едіңдер. Қой шетінде көз жасын жұтып тұрған қаршадай балаға көз қиықтарыңды да салмаушы едіңдер. Енді еңкілдендер сол жетім Жекейдің алдында. Сұржекей дейді халық. Ұнатпағаны. Ұнатпаса қойсын. Сұржекейдің етінде де, жанында да мәңгі жазылмастай жара бар. Ол жараны тек тек сендей жібек шапандылардың көз жастарымен жуса ғана жазылар» дейді ауылдың арыстай азаматы Пахраддинді алдына салып айдап әкеле жатып. Оның жүрегін кернеген бір ақ нәрсе. Ол – кек! Сәби кезінен жанын ауыртып, жүрегінде қалған өшпенділік, өсе келе сол кек қайтару жолында ештеңеден тайынбайды. Тас-түйін бекінгендей.

Жағымсыз кейіпкердің бірі – Бұқарбай. Өкіл болып сайланғалы ел арасына білгенін істеп жүрген ессіздің нақ өзі. Түсіне ызғарын жиған, кілбиіп әукесі салбырап сүзіле қарайды оның шұңкиген көздері.

Бірде ауылға өкіл болып барған жолында, бойжеткен қызы бар Жұмаштың үйіне түсіп, сол үйдің Нарқыз есімді қызын түнде оятып, күш көрсетпек болған. Бірақ бойында күші бар жас қыз Бұқаның бұл арам ойын іске асыруына жол бермей, қарсылық көрсеткен. Бойжеткенге әлі келмегеніне намыстанған Бұқарбай ертемен ауылдан тайып тұрғаны бар.

Шеге мен Хансұлудың тойынан кейін көп ұзамай ауылда жиналыс болады. Жиналысты шақыртқан Бұқарбай ауылнай Жорға Күреңге айтып, халықты лезде мектеп үйінің алдына жинаған. «Бұл күні Бұқарбай шаршаулы еді. Екі күн болды жарғақ құлағы жастыққа тимей шабуылмен жүр. Соны бұл ел түсіне ме? Түсіну қайда. Түсінбек тұрмақ үстіңнен арыз жасзады... «Арақ ішті», «Қызымызды оятты» деп. «Ау, ішпейтін болсам, жемейтін болсам, күн-түн демей шапқылап менікі не? Ау, «қыз оятсам» жаспын, жас кезінде қыз оятпаған қазақ бар ма екен?» Бұқарбай осылай ойлайды».

Романда «Шаш ал десе, бас алатын» осындай кейіпкерлердің іс-әрекеттері Бұқарбай сөзімен сипатталады.

«Нелер келіп, не кетпес ер жігіттің басына». Атасына нәлет, мені де екі-үш күн болды осында тығып қойғалы. «Асыра сілтедің» дейді. Бәрі қырт осындағы басшылардың. Біресе, «план давай, план давай!» деді. «Жүз прәсент! Ойбай, жүз прәсент!» деп жанымызды қуырды, Калашников бас болып. Тұра келе шаптық. Қарап жатқан елге қасқырша тидік. Піркәздің аты піркәз. Көнбегенді көндірдік. «Жүз пірәсент кәллектип боласың» деп. Надан халық саясатқа түсіне ме? Бытырап қашты. Бірі Иран кетті. Бірі – Ауған. Бірі Қалпаққа қашты. Енді оған кім бинауат? Тағы да Бұқарбай бинауат! От кебенамат!»

Романда байдың сойылын соққан кейіпкердің бірі – Жорға Күрең. Романда Күрең бейнесі былай суреттеледі: «Бұл кісінің аты Күрең, Мажанға жамағайын болады. Мажанның оң қолы. Аздап сауаты бар, қала көрген, көзі қарақты. Мажанға ақылшы, кеңесші тәрізді жан. Қала шыққанда байдың сауда-саттығын жасайтын да осы кісі. Соның арқасында қожалығы күйлі.

Досқа да, дұшпанға да бірдей майда тіліне, үнемі жымсиып жүретін езу күлкісіне бола «Жорға Күрең» деген лақапқа ие болған кісі».

Өзінің қара басының қамы үшін бірде бай жағында болып қызмет етсе, қажет кезінде «Қызыл әскердің» жағына шығып, сөзін сөйлейтін сұйық адам. Оны мына мысалдан анық аңғаруға болады:

«Жаңа үнем» саясаты тұсында Жорғаның тасы өрге домалады. Соның өзінде сауысқаннан сақ Күрең сақтана білді. Қарайтып мал жинамады. Ақша, алтынды көбейтті. Сырттай «бетегеден биік, жусаннан аласа» көрінді. Көп ұзамай ауыл астан-кестен болды. Мажанның басына күн туды. Сол тұста Шәріп пақыр ауылнайлықтан ұшып түсті де, «Іс жүргізуге икемі бар, көзі ашық адам» Күрең боп табылып, ойламаған жерден «атқа» мінді. Көктен көкsegені жерден табылды. Соңғы жылдары Күреңнің бір түйгені – мынау. Жиналыста өкімет саясатын қошеметтеп неғұрлым жаныңды салсаң, өзіңді сол саясатқа адал, жанашыр екеніңді көрсетіп, неғұрлым кеңірдегіңді соза түссең, өкілдің көзіне соғұрлым жылы ұшырайды екенсің. Бұл да сөйтті. Мажанның күні мәңгі батқанын білген күні одан безіп шыға келді. Жиналыс болса қара шұбар өңі жымсиып кедейдің сойылын соқты. Және тыңдаған құлақты ұйытып, сөзін шашпай жатық сөйлей білді».

Сонымен, жазушы Смағұл Елубайдың оқырман көз алдына қазақ халқының ашаршылық кезіндегі күресін, тұрмысын, тартқан азабы мен көрген қорлығын, арамзалардың пасық әрекеттерін өзінің романында шынайы, тіке, анық көрсетуге тырысқан. Бейнеленген кейіпкерлері барынша тірі адам сияқты әсер қалдырды. Біз бас кейіпкер Хансұлумен бірге жүргендей, сырласқандай боламыз.

Әдебиет зерттеушілері кейіпкер кәдімгі түртіп қарағандай, сырласуға болатындай тірі адамға айналуы керек дейді. Осы сөзге бақсақ, Смағұлдың бас кейіпкері Хансұлу, әкесі Пахраддин, Шеге, Бұлыштар осындай тірі кейіпкерлер болып шыққан. Бұл жазушы шеберлігінің белгісі деп білу керек.

Романдағы суреттелген оқиғалар автордың жан сүзгісінен өтіп жүрегін шынайы тербеген. Әрбір эпизод, әрбір кейіпкер әрекеті автордың баяндауында белгілі дәрежеде әр оқырманға ой туғызып тұжырымдар жасауына мүмкіндік береді. Шығарма оқиғалары туралы автор түсініктемелер жасап, қажет кезінде өз көзқарастарын тіке білдіріп отырған. Оқиғаларды әсем өрген, баяндаған, суреттелген жайларынан жазушының астарлы пікірлері, ой өзегі сезіледі. Шығармадағы жан түршігерлік жайлар мен көңілді, шатты көріністер арқылы айтар ойын, қорытындысын, философиясын анық ұғынамыз. Роман қазақ халқының Ресей отаршылдығынан көрген езгісінің шегін, «Жаңа өмірге» үйренісе алмаған ауыл тұрғындарының қарсыласын, билікке ғана қызыққан көр соқыр атқамінерлердің өз еліне көрсеткен зорлығын, сол жолда ел адамдарының күресін көрсеткен. Өскелең ұрпаққа тарих беттерінен жырақ қалған сол кездердің шынайы бет пердесін ашып көрсетеді.

Біз ашаршылық пен қуғын-сүргін құрбандары туралы бұрын шынымен аса мән бере қоймайтынбыз. Біздің қазіргі Тәуелсіз елімізде 31-мамыр –

саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні деп аталады. Және бұл заң 1997 жылы бекітілген екен.

Адам бір нәрсені жүрегімен сезініп, терең түсінбей оның байыбына бара бермейді ғой, жалпы. Ел басына күн туған бұл кез туралы пікіріміз қолымызға Смағұл Елубайдың «Ақ боз үй» роман-трилогия түскен сәттен бастап түбегейлі өзгерді. Романға кешегі кеңестік кезеңдегі қазақ халқының жазылмаған шындығы, айтылмаған тарихы арқау болған. Ашаршылық зардаптары, кәмпеске кезіндегі қуғын-сүргін оқиғалары, жазықсыз жаза жөнінде шынайы суреттелген. Романды оқып отырғанда халықтың «Елім-айлап» зар жылағанын, күңіренген үнін естігендей боласыз. Аштан бұралып қырылып жатқан бала-шаға, шал-кемпір, жазықсыз қиянат көрген ер азаматтың тартқан жан азабы тап кинодағыдай көз алдыңызға келіп, төбе құйқаныз шымырлайды. Зілбатпан салмақ түскен жүрегіңіз төс сүйегіңізді тесіп шығардай тепкіленіп, бұлқынады. Халыққа қасірет әкелген қатыгез заманға екі қолыңды теріс жайып, қарғыс айтқың келеді.

Бес уақыт намазын қаза қылмайтын, кісі ақысын жемейтін иманды бай Пахрадиннің бар жиған-терген дүние-мүлкін тартып алып, өзі жары Сырғамен аштыққа ұшырап, ақыр соңында бөтен жерде, жат жұртта сүйегі көмусіз қалады. Пахрадиннің жалғыз қызын әйелдікке алғаны үшін Шегені жазықсыз жала жауып, айдатып жібереді. Ел аузына тышқак лақты да қалдырмай сыпырып алып, аштан қатырады. Ал халыққа жегізбей, жинап алынған малдың еттері дер кезінде көлік болмағандықтан иістеніп, бүзіліп кеткен еді. «Халық жауысың» деп талай азаматқа жала жабылып, жазықсыз жазалап, мойнына аламағандарды бірнеше күн су бермей, ас орнына кепкен ащы балық беріп, тізе бүктірмей, ұйықтатпай азаппен мойындатқан. Ал еріксіз жаланы мойындағандарға келесі күні-ақ айдауға жіберіп, тіпті кейбіреулерін ату жазасына да кескен. Иә, бұл сұмдықтарды да кешкен біздің халық. Ең сорақысы не дейсіз ғой? Ең сорақысы осы сұмдықтың бәрін жасаушы біздің қазақтың өзі. Кедейден шыққан Ждақай, Сұржекей, Қозбағарлар...Қолына билік тиіп, арқасына орыстың шенеунігі қаққанға мәз болған бұлар жоғарыдан келген билікті өз халқына екі есе етіп тарттырады.

Жау жоқ болса, оны қолдан жасау керек. Адам-адамға жау, олар бірін-бірі аяусыз жеп қоюы керек. Сол кездегі саясаттың түп-төркіні осы.

Жазушы Қиқымбай қисықтың аузымен мынандай әңгіме айтқызды. «...жақында Гәләшөкін Сталинге барыпты, мына ми далада андай өрген көшпенді халықты кәллектипке кіргізе алмай шашым ағарды деп... Сталин бір тауықты ауланың ішіне жіберіп, «ал ұста» депті Гәләшөкинге. Гәләшөкин олай қуып, былай қуып, тауықты ұстай алмапты. Күн суық екен. Сталин тауықтың жүнін жұлдырып, аула ішіне қайта жіберген екен, жүні жұлынған тауық Гәләшөкинге өзі келіп тығылышты. «Қазақты қолға ұстаудың тәсілін енді түсіндің бе?» депті Сталин. «Түсіндім» депті Голощекин.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Пушкин А. «Әдеби жанрлар». Орыс тілінен аударған Құспанов С. «Аударма құнары – душа перевода», Алматы: «Ағатай», 2014ж. 411 б.

2. «Азаттық» радиосы. 05 ақпан, 2009 ж.
3. Нұрғали Р. Жеті томдық шығармалар жинағы, Астана: «Фолиант», 2005ж. 55 б.
4. Атымов М.«Қазақ романдарының поэтикасы», Алматы: Ғалым, 1975 ж., 197 б.
5. Серікқалиев З. «Ақ жол», Алматы: «Жазушы», 1990 ж., 462 б.
6. С.Елубай «Ақ боз үй», Алматы: «Атамұра», 2008 ж., 251 б.
7. Майтанов Б. «Қаһарманның рухани әлемі», Алматы: «Жазушы», 1982 ж., 230 б.

XX Ғ. 30-ШЫ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ РЕПРЕССИЯҒА ҰШЫРАҒАН АҚМОЛАЛЫҚТАР

Төлепбергенов Ғ.М., Қапышев А.Қ.

*Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті,
Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ.*

Елбасымыз, Қазақстан Республикасын Президенті өзінің «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты мақаласында XX ғ. адамзат баласы қоғамдық-саяси дамудың бірнеше моделін: коммунистік, фашистік, либералдық моделдерін бастан кешті деген болатын [1]. Осы үш моделдің алғашқы екі түрі өзінің табиғат-болмысына бойынша тоталитарлық жүйеге жатады.

Бүгінде әлемдік қоғамтанушы, тарихшы ғалымдардың пайымдауынша адамзат тарихындағы ең сорақы саяси-әлеуметтік эксперименттер ретінде сипаттайды. Лениндік-сталиндік репрессияның құрбандарының саны белгілі ресейлік тарихшы Рой Медведевтің келтірген дерегінде 40 млн. адамды құраса, фашизм 60 млн. адамның өмірін жалмады [2]. Тоталитаризмнің қандай формасы немесе түрі болмасын ол адамзат баласына шексіз-қайғы-қасірет пен миллиондаған құрбандықтарға ұшыратқан қылмысты саяси режимдер ретінде тарихқа енді.

КСРО-да отызыншы жылдары орныққан тоталитарлық саяси режим 1937 жылы бұрын-соңды болып көрмеген, бүкіл елді жаппай қамтыған саяси жазалаулар науқанын жүгізді. Бұл жазалауларға негіз болған Коммунистік партияның 1936 ж. желтоқсан Пленумы мен 1937 ж. Ақпан-наурыз пленумында И. В. Сталин мен оның айналасындағылардың «екіжүзділердің, халық жауларының бәрінің тамырын шауып, жойып жіберу» қажеттігі туралы нұсқауы берілді. КСРО-ның ұлттық республикаларындағы 1937–1938 жж. жазаланғандарға стандартты «ұлтшыл-фашистер», «жапон тыңшысы», «троцкийшіл-халық жаулары» деген сияқты ойдан құрастырылған айыптаулар тағылды.

Жер-жерде «ашық» сот мәжілістері өткізіліп, оларда сотталғандардан қажетті «мойындаулар» зорлап алынды. «Халық жауларының» негізгі көпшілігінің тағдыры КСРО Жоғарғы соты әскери коллегиясының үштігінің мәжілісінде шешілді. Осы жылдары Ақмола облысында ең алдымен алаш қайраткерлері Жұмағалы Тлеулин, Мағжан Жұмабаев қатарлы адамдар, одан кейін Кеңес үкіметін құрысқан Әбілқайыр Досов, Сәкен Сейфуллин, Мәскеуде 1933 жылы белгісіз жағдайда қазаға ұшыраған Смағұл